

**"Ақтөбе қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Ережесін бекіту туралы" Ақтөбе қалалық мәслихатының 2010 жылдың 28 шілдедегі № 265 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2013 жылғы 20 желтоқсандағы № 190 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 желтоқсанда № 3723 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 247 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 12.12.2017 № 247 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 97 бабының 2 тармағына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысының 2 және 3 тармақтарына сәйкес, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Ақтөбе қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Ережесін бекіту туралы" 2010 жылғы 28 шілдедегі № 265 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 7 қыркүйекте № 3-1-140 болып тіркелген, 2010 жылғы 21 қыркүйекте № 115 "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Ақтөбе қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Ережесіндегі:

1 тармақтың 1) тармақшасының соңғы азат жолы алынып тасталсын;

2 тармақтағы:

екінші азат жолында ", тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1 - ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнының" сөздері алынып тасталсын;

үшінші азат жолында ", тәулік уақыты бойынша электр қуатының шығынын саралап есептейтін және бақылайтын, дәлдік класы 1 - ден төмен емес электр қуатын бір фазалық есептегіштің құнына" сөздері алынып тасталсын;

3 тармақтағы ", тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1 - ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнына" сөздері алынып тасталсын;

9 тармақтағы ", тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1 - ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнына" сөздері алынып тасталсын;

13 тармақтағы ", тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1 - ден төмен емес электр энергиясының бір фазалық есептегішінің құны" сөздері алынып тасталсын;

18 тармақтың екінші азат жолында "және тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік класы 1 - ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептегіштің құнының" сөздері алынып тасталсын.

2. Осы шешім ресми жариялауға жатады және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе қалалық  
мәслихатының сессия төрағасы  
Ә. Тасимов*

*Ақтөбе қалалық мәслихатының  
хатшысы  
С. Шынтасова*